Бекітемін!

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** : «Болашақ» МДҰ
**Топ:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 04 -08 наурыз 2024 жыл

| Дүйсенбі |
|---|
| **Тақырыбы: «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны**<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті,ұрмалы,үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.**<br>Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды.<br>**2. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** : «Болашақ» МДҰ
**Топ** : «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 11 -15 наурыз 2024 жыл

| **Дүйсенбі** |
|---|
| **Тақырыбы: «Музыка бояулары» ойыны**<br>**Мақсаты:** Музыка сипатын ажырату. Ән, Би, Вальс, Марш жанрларын ажырата білуге ықпал ету.<br>**1.Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.**<br>Жасыл түс-ән айту, Қызыл түс-көңілді билеу, Сары түс-вальс ырғағы, Көк түс-марш ырғағы екенін түсіндіру. Музыкалық шығарма тыңдалады, бірнеше рет қайталап, желпуіштермен жаттығу жасай білуге үйретеді. Балалар түрлі жанрдағы музыканы тыңдап, желпуіштерді көтеруге үйренеді.<br>**2. Ән айту.** «Балапан»<br>Әннің мәтінін үйрету. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** : «Болашақ» МДҰ
**Топ:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 18 -22 наурыз 2024 жыл

| **Дүйсенбі** |
|---|
| **Тақырыбы: «Ғажайып үйшік»**<br>**Мақсаты:** Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу.<br>**1.Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.**<br>Балаларға үйшіктің және қоян, балапан, бақа, күшік, т.б. суреттері ұсынылады.<br>**2. Ән айту.** Музыка жетекшісі «Жоғарығы шығымын» деп әндетеді. Балалар әуенді қайталап, өздері қалаған суретін басқышпен жоғарыға жүргізеді. Үйшікке жақындап, «Қандай ғажап үйшік?» деп әндетеді. Келесі кезекте терезеден сурет көрсетіліп,балалар әуенді тыңдап, сәйкес келетін аңдардың , жануарлардың, балапанның, бақаның, т.б. суреттерін басқыштармен жүргізіп, үйшікке кіргізеді. Балалар терезеден көрінген суретке қарап, олардың қимыл-қозғалысын салып көрсетеді. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** : «Болашақ» МДҰ
**Топ** : «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 25 -29 наурыз 2024 жыл

| Дүйсенбі |
| --- |
| **Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.**<br>**Ойын:** Көңілді күн мен бұлт суреттері бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап,әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді.<br>**2. Музыкалық-ырғақты қимыл:** Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату. |